

## **Жер қойнауын пайдалануға арналған шарттарды (контрактілерді) мемлекеттік тіркеуді тәртіпке келтіру**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 қыркүйек N 1257

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімдер мен шарттарды (контрактілерді) мемлекеттік тіркеуді, лицензия беру мен жасалған контрактілік жұмыстар жөнінде есеп беруді тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі 1 қосымшада тізбеленген мұнай мен орындарын оларды әзірлеуге тарту "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 тамыздағы N 886 қаулысымен P940886\_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 34, 372-бап) бекітілген Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы Ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын Республикалық қорға енгізілсін.

2. "Жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалы қазбалар өндіру және өзге мақсаттарға пайдалану үшін беру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 377 P940377\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы,

1994 ж., N 18, 183-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтпеген контрактілердің күші тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші 2 қосымшаға сәйкес жойылды деп саналсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 13 қыркүйектегі  
N 1257 қаулысына

1 қосымша

Республикалық қорға қайтарылуға жататын

кен орындарының  
ТІЗБЕСІ

Кен орындарының атауы	Алынатын қорлар (млн. тонна)
Жұбантам	0.15
Дәулеталы	0.13
Жолдыбай	0.483
Қисымбай	1.5
Аққұдық	0.6
Қараған	0.2
Мәтін	2.19
Новобогат Ю-В	1.157
Жыланқабак	0.8
Төлеген	0.405
Жыңғылды	0.415
Әлімбай	0.214
Грядовая	0.9
Қырықмылтық	4.6
Кемеркөл	2.7
Қожа	1.55
Айыртау Қарақұдық	1.0
Сазан-Құрақ	1.5

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 13 қыркүйектегі  
N 1257 қаулысына  
2 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші  
жойылған шешімдерінің  
ТІЗБЕСІ

1. "Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасын қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 382 қаулысы.

2. "Атырау облысының Мәтін кен орнында жете барлау жүргізу, оны әзірлеу және мұнай өндіру жөнінде "Мунекс Ойл Аг" компаниясымен (Швейцария) өнімді бөлісу шартымен (Продакшн Шеринг) келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 ақпандағы N 187 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 10, 100-бап).

3. "Атырау облысының Қырықмылтық кен орнында жете барлау жүргізу, оны әзірлеу және мұнай өндіру жөнінде "Эрдель-Эрдгаз Гоммерн ГМБХ" және "Селект Энержи Трейдинг ГМБХ" (Германия) компанияларымен өнімді бөлісу шартымен (Продакшн Шеринг) келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 427 қаулысы.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 13 ақпандағы N 58 өкімі.